

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән
Мемлекет және құқық теориясы негіздері
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Мемлекет ұғымы

- A) Адамзат қоғамы дамуының нәтижесінде пайда болған саяси ұйым
- B) Халықтан салық жинау
- C) Саяси билікті және азамат пен мемлекеттің өзара байланысын ұйымдастырушы
- D) Ең жоғары заңдық күші бар орган
- E) Заңды және жеке тұлға

2. Заң шығарушы орган

- A) Салық комитеті
- B) Парламент
- C) Үкімет
- D) Ұлттық қауіпсіздік органдары
- E) Сот органдары

3. Мәжіліс пен сенаттан тұратын заң шығаратын орган

- A) Үкімет
- B) Сот
- C) Прокуратура
- D) Парламент
- E) Салық комитеті

4. Мемлекет және құқық теориясы пәнінің міндеттері

- A) Саяси-құқықтық сананы дамыту
- B) Заңгерлік кәсіби көзқарастарын қалыптастыру
- C) Мемлекет және құқық теориясының негізгі ұғымдары мен категорияларымен танысу
- D) Пәннің негізгі түсініктерімен таныстыру
- E) Мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды зерделеу

5. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында ресми түрде қолданылатын тіл

- A) Француз тілі
- B) Неміс тілі
- C) Орыс тілі
- D) Ағылшын тілі
- E) Қазақ тілі

6. Мемлекеттік органдардың қағидаларын, институттарын немесе құрылымын құратын және құқықтық реттеудің бастапқы шегін анықтайтын нормалар

- A) Белгілі анықталған
- B) Дефинитивті
- C) Жариялылық-құқықтық
- D) Құрылтайшы
- E) Міндеттеуші

7. Қазақстанның қазіргі мемлекет типі

- A) көшпенді мемлекет
- B) тоталитарлық мемлекет
- C) ерте буржуазиялық мемлекет
- D) демократиялық мемлекет
- E) феодалдық мемлекет

8. Құқықтық мемлекеттің белгісі

- A) Құқықтық заңның үстемдігі
- B) Көсемнің болуы
- C) Президентті сайлау
- D) Елдің бөлінуі
- E) Тудың болуы

9. Социалистік мемлекеттердің экономикалық негізі

- A) жерге, басыбайлы шаруаларға меншік құрайды
- B) өндіріс құралдарына жеке меншіктің болуы
- C) жер қоғамдық, мемлекеттік меншікте болады
- D) өндіріс құралдары мен жабдықтарына, өндіруші күштерге меншік
- E) ірі суландыру жүйелеріне меншік

10. Құқық нормаларын түсіндіру (талқылау)

- A) субъектілердің өз құқықтарын жүзеге асыруынан көрінетін құқықты жүзеге асыру нысаны
- B) заңдық норма нұсқауларын құқық субъектілері әрекетінде жүзеге асыру
- C) құқыққа және заңдылыққа қатысты стихиялы түрде пайда болған көзқарастар
- D) құқыққа қатынас көрініс тапқан идея, теория, концепциялар жиынтығы
- E) құқықшығармашылық органның құқық нормасына енгізген мәнін, оны дұрыс қолдану үшін ұғыну және түсіндіру әрекеті

11. Адамдардың құқыққа қатынасын білдіретін құқықтық көзқарастардың, түсініктердің, қағидалардың, сенімдердің жүйеленген ғылыми көрінісі

- A) құқықтық сана
- B) құқықтық мәдениет
- C) құқықтық тәрбие
- D) құқықтық идеология
- E) құқықтық психология

12. Құқықтық тәрбиелеу әдістері

- A) императивтік, диспозитивтік, ұсынымдық
- B) жеке, топтық, қоғамдық
- C) сендіру, мәжбүрлеу, көтермелеу
- D) үгіттеу, насихаттау
- E) жеке үлгі көрсету, кеңес беру

13. Нормативті және құқық қолдану актілері, құқықты талқылау актілері, газет-журналдар құқықтық тәрбиелеу құралдары ретінде

- A) ауызша құралдар
- B) материалдық құралдар
- C) қосымша құралдар
- D) негізгі құралдар
- E) жазбаша құралдар

14. Мектепте, арнаулы-орта және жоғары оқу орындарында арнаулы дайындықтан өткізу және білім беру құқықтық тәрбие нысаны ретінде

- A) қылмыскерлерді тәрбиелеу
- B) азаматтарды тәрбиелеу
- C) заңдық тәжірибе
- D) құқықтық насихаттау
- E) құқықтық білім беру

15. Құқықбұзушылықтың заңды жауапкершілікке тарту үшін қажетті және жеткілікті белгілерінің жүйесі

- A) құқықбұзушылықтың объектісі
- B) құқықбұзушылықтың субъектісі
- C) құқықбұзушылықтың субъективті жағы
- D) құқықбұзушылықтың объективті жағы
- E) құқықбұзушылықтың құрамы

16. Адамның қадір-қасиетін қорлайтын жазалау шараларын белгілеуге және қолдануға тыйым салу заңды жауапкершілік қағидасы ретінде

- A) заңдылық
- B) ізгілік
- C) әділеттілік
- D) негізделгендік
- E) бұлтартпастық

17. Мемлекет органдарының өкілеттердің сипатына қарай

- A) Жергілікті және атқарушы органдар
- B) Дара және күрделі органдар
- C) Алқалы органдар
- D) Өкілетті органдар
- E) Жалпылама құзыретті органдар, арнайы құзыретті органдар

18. Құқықбұзушылықтың субъектісі

- A) құқықбұзушылық бағытталған қоршаған ортаның құбылыстары
- B) әрекет немесе әрекетсіздік, зиянды нәтиже, олардың арасындағы себеп-салдарлы байланыс
- C) құқықбұзушылықтың заңды жауапкершілікке тарту үшін қажетті және жеткілікті белгілерінің жүйесі
- D) субъектінің жасалған іс-әрекетке және оның салдарына психикалық қатынасы, құқықбұзушы еркінің бағыттылығы
- E) әрекет немесе әрекетсіздік жасаған деликтқабілетті жеке тұлға немесе әлеуметтік ұйым

19. Шығыстық мемлекет типінің басты белгісі

- A) жерге мемлекеттік және қоғамдық меншікке негізделген
- B) жерге жеке меншікке негізделген
- C) биліктің қайнар көзі меншік болып табылады
- D) қуатты шенеуліктік аппараттың болмауы
- E) қала-республика ретінде пайда болады және өмір сүреді

20. Мемлекет типологиясына қатысты негізгі көзқарастар

- A) таптық, формациялық, өркениеттік
- B) шығыстық, батыстық, аралас
- C) аймақтық, ерекше, қазіргі
- D) құлиеленуші, буржуазиялық, социалистік
- E) формациялық, өркениеттік, технократиялық

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.

2-БЛОК: Арнайы пән
Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Жезөкшелікпен айналысуға кәмелетке толған адамды тарту қылмысы жатады:

- A) халықтың денсаулығына және адамгершілікке қарсы қылмыстарға
- B) қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстарға
- C) отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстарға
- D) денсаулыққа қарсы қылмыстарға
- E) жеке адамға қарсы қылмыстарға

2. Өз бетімен әскери бөлімін тастау қашқындықтан ажыратылады:

- A) мақсаты бойынша
- B) кінәсі бойынша
- C) субъектісі бойынша
- D) объектісі бойынша
- E) объективтік жағы бойынша

3. Жаңа Қылмыстық кодекс қабылданғанда енгізілген жаңа тарау

- A) жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар
- B) экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар
- C) медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар
- D) әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар
- E) меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

4. Жеке адамның ар-намысына және қадір қасиетіне қарсы қылмыстар

- A) жала жабу, қорлау
- B) экоцид, геноцид
- C) азаптау, қинау
- D) сотты құрметтемеу, қорлау
- E) қорқыту, адамды клондау

5. Қылмысты дұрыс саралау- құқықтарды, бостандықтарды қорғау

- A) негізі
- B) түрі
- C) кепілі
- D) тәсілі
- E) жолы

6. Қылмыстық құқық ерекше бөліміндегі нормалар орналасуы

- A) қоғамға қауіпті дәрежесі
- B) қылмыстардың жасалу мөлшері
- C) белгілі бір тәртіппен, жүйеге бөлініп
- D) қылмыстылықтың жағдайымен
- E) қылмыстылықтың қозғалысы, деңгейімен

7. Қылмыстық құқық ерекше бөлімі жүйесін дұрыс құру маңызы

- A) қылмыстық құқық бұзушылықты дұрыс саралауға, онымен белсенді күрес жүргізуге, оның алдын алуға, әділ жаза тағайындауға
- B) қылмыстық құқық бұзушылықты дұрыс саралауға, қоғамдық қауіптілігін дұрыс анықтауға, соттауға
- C) қылмыстық құқық бұзушылықты дұрыс саралауға, соттың әділ жаза тағайындауына, оның алдын алуға
- D) қылмыстық құқық бұзушылықты дұрыс саралауға, тергеушінің жұмысын жеңілдетіп қылмыстың алдын алуға
- E) қылмыстық құқық бұзушылықты дұрыс саралауға, құқық қорғау органдарының қызметін арттыруға және қылмыстың алдын алуға

8. Мәжбүрлеп емдеуді бір рет ұзартқаннан кейін ұзарту жүргізіледі

- A) Мәжбүрлеп емдеуді бірінші рет ұзартқаннан кейін ұзарту үш ай сайын жүргізіледі
- B) Мәжбүрлеп емдеуді бірінші рет ұзартқаннан кейін ұзарту жеті ай сайын жүргізіледі
- C) Мәжбүрлеп емдеуді бірінші рет ұзартқаннан кейін ұзарту жыл сайын жүргізіледі
- D) Мәжбүрлеп емдеуді бірінші рет ұзартқаннан кейін ұзарту екі жыл сайын жүргізіледі
- E) Мәжбүрлеп емдеуді бірінші рет ұзартқаннан кейін ұзарту алты ай сайын жүргізіледі

9. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеп емдеуді бірінші ұзарту

- A) емдеу басталған кезден бастап үш ай өткеннен кейін
- B) емдеу басталған кезден бастап жеті ай өткеннен кейін
- C) емдеу басталған кезден бастап бір жыл өткеннен кейін
- D) емдеу басталған кезден бастап екі жыл өткеннен кейін
- E) емдеу басталған кезден бастап алты ай өткеннен кейін

10. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасы тағайындалған адам сотқа шараны тоқтату туралы немесе өзгерту туралы ұсыныс енгізу үшін негіздердің бар екені жөніндегі мәселені шешу үшін психиатор-дәргерлер комиссиясында куәландырады

- A) кемінде бір жылда бір рет
- B) кемінде алты айда бір рет
- C) кемінде үш айда бір рет
- D) кемінде үш жылда бір рет
- E) кемінде бес жылда бір рет

11. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының түрлеріне жатпайды

- A) амбулаториялық мәжбүрлеп байқауды және психиатрда емдеу
- B) жалпы үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу
- C) мамандандырылған үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу
- D) интенсивті байқайтын мамандандырылған үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу
- E) амбулаториялық мәжбүрлемей байқау және психологта емдеу

12. Кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауаптылыққа тарту немесе айыптау үкімінің ескіру мерзімдері қысқартылады

- A) Тең жартысына қысқартылады
- B) Үштен біріне қысқартылады
- C) Төрттен біріне қысқартылады
- D) Бестің –екісіне қысқартылады
- E) Алтының – төртіне қысқартылады

13. Тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларына жатпайды

- A) ескерту
- B) ата-аналарының немесе оларды ауыстыратын адамдардың не болмаса арнайы мемлекеттік органның қадағалауына беру
- C) келтірілген зиянды өтеу міндетін жүктеу
- D) нашакорлықтан, уытқұмарлықтан емделу міндетін жүктеу
- E) бос уақытын шектеу және кәмелетке толмаған адамның мінез-құлқына айрықша талаптар қою

14. Қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес қылмыс жасаған не ауырлығы орташа қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмаған адамды, егер оны қылмыстық жауаптылыққа тартпай-ақ түзеуге болады деп белгіленсе, қылмыстық жауаптылықтан босатады

- A) тергеуші
- B) сот
- C) прокурор
- D) қамқоршы бөлімі
- E) әкім

15. Адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылық түріне жатпайды

- A) адамның және азаматтың тең құқықтылығын бұзу
- B) азаптаулар
- C) тұрғын жайға қолсұғылмаушылықты бұзу
- D) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын бұзу
- E) диверсия

16. Кәмелетке толмағандар саудасының субъективтік жағы:

- A) әрекетсіздікпен
- B) менмендікпен
- C) немқұрайлылықпен
- D) тікелей қасақаналықпен
- E) абайсыздықпен

17. Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылық түріне жатпайды

- A) баланы ауыстыру
- B) кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тарту
- C) кәмелетке толмаған адамды қоғамға жат іс-әрекеттер жасауға тарту
- D) кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тарту
- E) кәмелетке толмағандар саудасы

18. Отбасына қарсы қылмыстық құқық бұзушылық объектісі

- A) адамның денсаулығы мен өмірі
- B) ата-аналар мен балалардың арасындағы отбасылық қатынастар
- C) кәмелетке толмағандардың бір қалыпты дамуы
- D) халықтың денсаулығы
- E) адамның салауатты өмір салты

19. Қасақана адам өлтіру болып табылады

- A) аффект жағдайында жасалған адам өлтіру
- B) қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде жасалған адам өлтіру
- C) жаңа туған баланы анасының өлтіруі
- D) қылмыс жасаған адамды ұстап алу үшін қажетті шаралар шегінен шығу кезінде жасалған адам өлтіру
- E) көрінеу кәмелетке толған адамды өлтіру

20. Адам өлтіру қылмысының ауырлата саралануына негіз

- A) Аса қатыгездікпен жасалуы
- B) абайсызда, қасақана жасалуы
- C) Ауыр зардаптар әкелуі
- D) жалданып, қатыгездікпен жасалуы
- E) Қылмыс ізін жасыруы

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

21. Қылмыстық жауаптылық басталатын жас мөлшерлері

- A) 18
- B) 15
- C) 17
- D) 14
- E) 12
- F) 16

22. Қылмыс санаттары

- A) онша ауыр емес
- B) қауіпті
- C) ауырлығы орташа
- D) жауаптылықты ауырлататын
- E) жауаптылықты жеңілдететін
- F) ауыр
- G) қауіпсіз
- H) аса ауыр

23. Субъективтік жақтың белгілері

- A) кінә
- B) психикалық көзқарас
- C) ниет
- D) теріс мінез көрсету
- E) кінә және теріс мінез-құлық
- F) мақсат

24. Қылмыс құрамының элементтері

- A) нысан
- B) объект
- C) субъект
- D) субъективтік жақ
- E) объективтік жақ
- F) зат

25. Абайсызда жасалған қылмыс деп танылады, егер әрекет-

- A) Менмендікпен жасалса
- B) Тек қана менмендікпен жасалса
- C) Тек қана немқұрайлылықпен жасалса
- D) Ешқандай ниетсіз жасалса
- E) Ниет табан астында пайда болып жасалса
- F) Немқұрайлылықпен жасалса

26. Қасақана жасалған қылмыс деп танылады, егер әрекет-

- A) Тек қана тікелей ниетпен жасалса
- B) Тек қана жанама ниетпен жасалса
- C) Тікелей ниетпен жасалса
- D) Ешқандай ниетсіз жасалса
- E) Жанама ниетпен жасалса
- F) Ниет табан астында пайда болып жасалса

27. Қылмыстардың жиынтығы болып табылады?

- A) Түрлі баптардың бөліктерінде көзделген екі не одан да көп әрекетті бұрын сотталмаған тұлғаның жасауы
- B) Бір баптың бөліктерінде көзделген екі не одан да көп әрекетті бұрын сотталмаған тұлғаның жасауы
- C) Бір бап немесе бір баптың бірнеше бөлігінде көзделген екі не одан да көп әрекетті жасау
- D) Бұрын қасақана жасаған қылмысы үшін соттылығы бар адамның қасақана қылмыс жасауы
- E) Қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамның үкім шықпай тұрып тағы да қылмыс жасауы
- F) Үкім күшіне енбей тұрып сотталған адамның тағы да қылмыс жасауы

28. Қылмыстың бірнеше рет жасалуы болып табылады

- A) Бір бапта көзделген екі не одан да көп әрекетті жасау
- B) Бір баптың бірнеше бөлігінде көзделген екі не одан да көп әрекетті жасау
- C) Үкім күшіне енбей тұрып сотталған адамның тағы да қылмыс жасауы
- D) соттылығы бар адамның абайсызда қылмыс жасауы
- E) Бұрын қасақана жасаған қылмысы үшін соттылығы бар адамның қасақана қылмыс жасауы
- F) адамның ауыр қылмыс жасауы

29. Заңсыз түсік жасаудың субъектісі

- A) тиісті бейіндегі жоғары медициналық білімі жоқ адам
- B) кез келген адам
- C) кез келген медициналық қызметкер
- D) дәрігер немесе кез келген адам
- E) медициналық институттың студенті
- F) тиісті бейіндегі жоғары медициналық білімі бар адам
- G) медбике
- H) тиісті бейіндегі жоғары медициналық білімі жоқ және білімі бар адам

30. Порнографиялық материалдарды немесе заттарды заңсыз таратудың объективтік жағы

- A) тарату
- B) жарнамалау
- C) дайындау
- D) жалаңаш фотоға түсу
- E) бейне таспаға түсу

Жағдаяттық тапсырмалар
1-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Кошенов мас жағдайында болып, бірге ішкен мас жолдастарын Дамир және Амир Балтабаевтарды трактордың кабинасына отырғызып жүреді. Трактор кетіп бара жатқанда, Дамир өзін жаман сезініп, транспорттық құралды тоқтатуға өтінеді. Бірақ, Кошенов тракторды тоқтатып жатқан кезде, Дамир транспорттық құралдың тоқтағанын тоспай, оның жүріп жатқан кезінде, кабинадан құлап, жерге соғылып, миы шайқалады және денесіне келтірілген зақымдардан қаза табады.

31. Кошеновтың әрекетінде қандай құқықбұзушылық бар

- A) тәртіптік құқықбұзушылық
- B) қылмыстық құқықбұзушылық
- C) әкімшілік құқықбұзушылық
- D) азаматтық құқықбұзушылық
- E) құқықбұзушылық жоқ

32. Маскүнем жағдайындағы Амир Балтабаевтың қылмыстық жауаптылығы:

- A) қылмысқа қатысушы болып табылады
- B) жауаптылыққа тартылмайды
- C) қылмыс субъектісі болып табылады
- D) азғырушы болып табылады
- E) ұйымдастырушы болып табылады

33. Кошеновтың Дамирдің өліміне жауапты болмау себебі:

- A) Қылмыстың объектісі жоқ
- B) маскүнем адам субъект болып есептелмейді
- C) мас адам жауапқа тартылмайды
- D) субъективтік жақ жоқ
- E) себебі объективтік жақта себепті байланыс жоқ

34. Кошеновтың әрекетін қай баппен саралауға болады

- A) 346 бап 4 тармақ
- B) 99 бап 1 тармақ
- C) Қылмыстық жауапкершілікке тартуға болмайды
- D) 99 бап 2 тармақ
- E) 358 бап 1 тармақ

35. Кошеновтың әрекеті мен Дамирдің өлімінің арасында себепті байланыс:

- A) себепті байланыс бар
- B) себепті байланыс жоқ
- C) әрекет бар
- D) әрекет жоқ
- E) ештеңе жоқ

2-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Зауытта жұмыс жасайтын Сабитовқа досы Құрманов келіп зауыттан станок ұрлап, көрші ауылдағы Жапаровқа сатуды ұсынады. Жапаров станокты сатып алуға немесе басқа біреуге сатуға көмектесуге келісімін береді. Бірақ Сабитов станоктың ауыр және үлкендігіне байланысты мүмкін еместігін айтады. Құрманов станокты бөліп, бөлшектеп шығаруды үйретеді. Бір аптаның ішінде Сабитов станокты бөлшектеп сөмкесіне салып шығарады. Бөлшектерді Құрманов пен Сабитов станокты жинап көрші ауылдағы Жапаровқа сатады. Ақшаны Құрманов пен Сабитов тең бөліп алады.

36. Қылмыс объектісін анықтаңыз

- A) ақша
- B) станок
- C) зауыт
- D) мемлекет
- E) қоғам

37. Жапаровтың әрекетін саралаңыз

- A) ұрлық
- B) алдын ала заңсыз табылған мүлікті сатып алу, сату
- C) ұрлықтың ұйымдастырушысы
- D) ұрлықтың орындаушысы
- E) алаяқтық

38. Сабитовтың әрекетінде күрделі қылмыс нысанын анықтаңыз

- A) ұзаққа жалғасқан қылмыс
- B) созылмалы қылмыс
- C) бірнеше рет жасалған қылмыс
- D) рецидив
- E) жалғыз бір қылмыс

39. Сабитовтың қылмысқа қатысу түрін анықтаңыз

- A) орындаушы
- B) ұйымдастырушы
- C) айдап салушы
- D) азғыртушы
- E) көмекші

40. Құрманов пен Сабитовтың араларындағы қатынасын анықтаңыз

- A) алдын ала келісімсіз адамдар тобы
- B) алдын ала келісім бойынша адамдар тобы
- C) қылмыстық топ
- D) ұйымдасқан топ
- E) банда

2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.